



Астана, Парламент Мәжілісі

Астана, Мажилис Парламента

201__ жылғы “_____” _____

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

14.06.2017 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә.Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мемлекеттік саясат деңгейіндегі ең маңызды іс-шаралардың бірі болып табылады.

Елімізді іс-сапарымызбен аралағанымызда көптеген елді мекендердің ауыз су мәселесі өзінің оң шешімін тауып келе жатқанына көзіміз жетті. Еліміздегі елеулі мәселелердің бірі оң шешімін тауып жатқанына қуандық.

Алайда, халқымызды толығымен сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету табандылық пен жігерлікті талап етеді. Елбасымыздың осы бағытта берген тапсырмаларын іске асырамыз десек, жетістіктерімізге тамсанып қалмай алға ұмтылғанымыз абзал деп білеміз.

Қазіргі таңда еліміз бойынша ауылдық жерлердегі тұрғындардың 51,5%-ы (мысалы, бұл көрсеткіш Павлодар, Қостанай, Ақтөбе облыстары бойынша сәйкесінше 20,5; 27,9; 41,0%-ды құрайды), ал қалалар халқының 87,0%-ы ғана орталықтандырылған ауыз суға қол жеткізіп отыр.

«Ауылдық жерлерді құбырлы сумен қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру қажет. Шағын қалаларда халықтың 100%-ы үшін сапалы су қолжетімді болуы тиіс», деген халқымызға өміршең қажет Елбасының тапсырмасын орындауымыз біздің және Сіздің тікелей міндетіміз.

Алайда, Қызылорда облысында кезекті іс-сапармен жүрген кезімізде істің қанығына жеткен болатынбыз. Тек Жаңақорған ауданында 20 елді мекенде 200 километрден астам су жүйелері мен 15 бас су қоймалары жаңғыртылып, 14 су ұңғымалары пайдалануға берілген. 8 елді мекеннің

36 850 тұрғыны Жиделі топтық су құбырына жалғанып, таза сумен қамтылыпты.

1990 жылдары «Талап-Сырдария», «Жиделі» тораптық су құбырларының жобасы әзірленген болатын. Жалпы құны 16,4 млрд.теңгені құрайтын жобаның жүзеге асырылуы 2013 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Жобаны аяқтауға бүгінгі күні 8,4 млрд.теңге қажет. Осы жоба іске қосылған сәтте Қызылорда облысы Жаңақорған мен Шиелі аудандарының тау беткейінде орналасқан 13 және Сыр бойындағы 15 елді мекенді, барлығы 60 мыңнан аса тұрғынды таза ауыз сумен қамтуға болады.

«Талап-Сырдария», «Жиделі» топтық су құбырларының іске қосылуы мәселесі Сіздің құзырыңызда өз оң шешімін табатынына кәміл сенеміз.

Жоғарыда көрсетілген мәселені жан-жақты қарап, аталған жобаны жүзеге асыруына ықпал етуіңізді және осы мәселе бойынша «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшелері**

Г.Шиповских

А.Ералиев

А.Тасболатов